

Мәслихаттың 2014 жылғы 28 ақпандағы № 147 "Қостанай облысы Жангелдин ауданының Ақшығанақ ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихатының 2017 жылғы 20 сәуірдегі № 89 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 4 мамырда № 7024 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихатының 2022 жылғы 31 мамырдағы № 110 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихатының 31.05.2022 № 110 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Жангелдин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мәслихаттың 2014 жылғы 28 ақпандағы № 147 "Қостанай облысы Жангелдин ауданының Ақшығанақ ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4580 тіркелген, 2014 жылғы 24 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқытық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген, Қостанай облысы Жангелдин ауданының Ақшығанақ ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларында:

1 – тармақ мемлекеттік тілде жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"1. Осы Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 39-3-бабының 6-тармағына, "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес әзірленді және Қостанай облысы

Жангелдин ауданының Ақшығанақ ауылдық округі (бұдан әрі – Ақшығанақ ауылдық округі) ауыл тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.";

8 – тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Ақшығанақ ауылдық округінің ауыл тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Жангелдин аудандық мәслихатымен бекітілген сандық құрамына сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы

Л. Ражанова

Жангелдин аудандық

мәслихатының хатшысы

С. Нургазин

"КЕЛІСІЛДІ"

Жангелдин ауданының

Ақшығанақ ауылдық округінің әкімі

_____ Б. Торбаев

2017 жылғы 20 сәуір